

Ақжар ауданының ұйымдарында төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 331 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 26 қаңтарда N 13-4-115 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімінің 2012 жылғы 7 ақпандағы N 48 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімінің 2012.02.07 N 48 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 7-бабы 5) тармақшасы мен 20-бабы 5-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжар ауданы ұйымдарының, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізбесі (әрі қарай - Тізбе) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Ақжар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізбеге сәйкес, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. Қоғамдық жұмыстарға деген сұраныс пен ұсыныс анықталсын: мәлімделген қажетті жұмыс орындарының саны – 190 жұмыс орны; бекітілген қажетті жұмыс орындарының саны – 190 жұмыс орны.

4. «2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына сәйкес, қоғамдық қызметкерлердің еңбекақысы ең төменгі жалақы көлемінде төленсін. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

5. Қоғамдық жұмыстардың талаптары жұмыс аптасының ұзақтығына байланысты белгіленеді: екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) бес күн, 1 сағаттық түскі үзілісі мен сегіз сағаттық жұмыс күні. Еңбек талабына

байланысты, жұмыс беруші мен қызметкер арасында бекітілген еңбек шартында жұмыс уақытын ұйымдастырудың иілгіш формаларының қолданылуы қ а р а с т ы р ы л ғ а н .

6. Еңбек және техникалық қауіпсіздікті қорғау бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-саймандармен және жабдықтаумен қамтамасыздандыру, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік төлем, зиянды төлеу, зақымдану немесе басқа бұзылған денсаулық себептеріне, зейнеткерлік және әлеуметтік қаржы бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілсін.

7. «Ақжар ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыстар» 451-002-100 бюджеттік бағдарламасы бойынша қоғамдық қызметтегі жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеуге қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

8. «2010 жылы Ақжар ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде 2010 жылғы 11 мамырда 13-4-104 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 22 мамырдағы № 22 «Ақжар-хабар» және 2010 жылғы 22 мамырдағы № 22 «Дала дидары» аудандық газеттерінде жарияланған) аудан әкімдігінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 63 қаулысы күші жойылған деп саналсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ. Қ. Айтмұхаметовке** жүктелсін.

10. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастеміров

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Ақжар аудандық мұрағат»
мемлекеттік мекемесінің

директоры

Сәуле Сәлімқызы Исмағұлова

Ақжар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы
22 желтоқсандағы № 331 қаулысымен
бекітілген

Ақжар ауданы ұйымдарының, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2011.08.15 N 218 Қаулысымен

№	Мекемелердің атауы	Қоғамдық жұмыстың түрлері	Жұмыс көлемі	Адам саны

1	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қоқыстан тазалау - 2000 шаршы метр, арам шөптерді жүлу 1000 шаршы метр, ағаштарды кесу - 50 дана, бұтақтарды кесу – 100 бұта, ағаштарды әктеу – 50 дана, көшеттерді егу – 120 дана.	5
		2. Әлеуметтік және мәдениет саласының объектілерінде жөндеу жұмыстарына қатысу.	Ауылдық әкімшілік ғимаратында 384 шаршы метр сылау, әктеу, 10 терезе, 8 есік сырлау.	2
2	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Ағаш отырғызу – 70 дана, гүлзарларды бөлшектеу - 10 дана, гүл егу, суару. Көшелерді қоқыстан тазалау 2000 шаршы метр, бағандарды әктеу – 80 дана, қоқыс тастайтын жерлерді жайғастыру -600 шаршы метр, арам шөптерді жүлу – 1000 шаршы метр, жол бойындағы шөпті шабу – 1000 шаршы метр, дуалдарды жөндеу – 190 шаршы метр, ескерткішті сылау, әктеу, сырлау – 1 дана.	8
		2. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы	Әкімшілік ғимаратын жылыту 324,5 шаршы метр	2
3	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылдық округі» мемлекеттік мекеме әкімінің аппараты	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Ауылға кіретін жолында кюветтерді қардан тазалау – 10000 метр, 15 көшені қоқыстан тазалау, ескерткіштерді сылау, сырлау,әктеу – 2 дана, ағаштарды әктеу – 40 дана, көшеттерді отырғызу – 35 дана, бағандарды әктеу – 140 дана, көшелердегі кюветтердің шөбін шабу – 8000 метр, гүлзарларды бөлшектеу, гүл егу, суару – 5 гүлзар, ағаштарды кесу – 30 дана, 2000 шаршы метр стадион алаңын қоқыстан жинау, 500 шаршы метр дуалдарды сырлау.	9
		2. Мемлекеттік тілде іс жүргізуге көмек көрсету.	145 құжатты (мәтіндерді, хаттарды, есептерді өндеу)	1

4	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Мұз қалашық салуға қосалқы жұмыстарын атқару.	Шыршаны және ағаш төбешіктерді орнатуға орталық алаңды қардан тазалау – 1250 шаршы метр, пішіндерді ойып кесуіне қардан дайындауларды даярлау – 9 дана.	4
		2. Қысқа дайындауда көмек көрсету және әкімшілік ғимаратын жөндеу жұмыстарына қатысу.	Ғимараттың қабырғасы мен төбесін әктеу – 350 шаршы метр, терезелерді жылыту – 7 дана, есіктер - 5 дана, сылау – 350 шаршы метр, сырлау – 65 шаршы метр.	2
		3. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қардан тазалау – 1200 шаршы метр, көшелерді қоқыстан тазалау – 3200 метр, арам шөптерді жүлу – 450 метр, ағаштарды кесу – 120 дана, бұталарды кесу – 110 дана, ағаштарды әктеу – 120 дана, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу.	3
5	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кенашы селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Орталық алаңын қоқыстан тазалау, жинау – 250 шаршы метр селоға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау – 10000 метр, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу – 1 дана, ағаштарды әктеу – 45 дана, көшеттерді отырғызу - 40 дана, бағандарды әктеу – 130 дана, көше бойындағы кюветтерде шөп шабу – 5500 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару – 6 гүлзар, ағаштарды кесу – 45 дана.	9
		1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және	Әкімшілік ғимаратының маңайын қоқыстан тазалау – 500 шаршы метр, қардан тазалау – 500 шаршы метр, ағаштарды кесу – 40 дана, гүлзарларды қазу, гүл егу, арам шөбін жүлу, суару – 5 гүлзар, жол бойындағы шөпті шабу – 2100 метр,	4

6	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші Қарой селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	абаттандыруға көмек көрсету	қоршауларды жөндеу – 120 метр, ескерткіштерді сылау, сырлау, әктеу – 2 дана.	
		2. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы	350 шаршы метр әкімшілік ғимаратын жылыту	1
7	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Құлықөл селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Орталық алаңын қоқыстан тазалау, жинау – 350 шаршы метр селоға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау – 70000 метр, ескерткішті сылау, сырлау, әктеу – 1 дана, ағаштарды әктеу – 40 дана, көшеттерді отырғызу - 35 дана, бағандарды әктеу – 110 дана, көше бойындағы кюветтерде шөп шабу – 10000 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару – 5 гүлзар, ағаштарды кесу – 40 дана. Қоқысты қолмен артып шығару – 10 арба, дуалдарды орнату, сырлау – 90 шаршы метр.	6
		2. Қысқа дайындауда көмек көрсету және әкімшілік ғимаратын жөндеу жұмыстарына қатысу	Әкімшілік ғимаратында сылау, әктеу – 100 шаршы метр, терезелерді сырлау, қысқа жабу – 10 терезе, есік сырлау – 7 есік.	3
		1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Алаңды қардан, қоқыстан тазалау – 500 шаршы метр, арам шөптерді жүлу – 2000 шаршы метр, бұтақтарды кесу – 125 бұта, ағаштарды әктеу – 360 дана, бағандарды әктеу – 300 дана, қоқыс тастайтын жерлерді жайғастыру – 7500 метр, жол бойындағы шөпті шабу -12000 метр, жол бойындағы қоқысты жинау – 12000 метр, қоқысты арту және түсіру – 11 тонна, гүлзарларды бөлу, гүл егу, арам шөбін жүлу, суару – 20 гүлзар,	23

			ескерткіштерді сылау, сырлау – 2 дана, орындықтарды жөндеу, сырлау – 20 дана, дуалдарды сырлау – 230 шаршы метр.	
8	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ленинград ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	2. Шаруашылық кітабінің жазуын анықтау үшін ауланы аралау.	Аула бойынша аралау – 1006 аула, 60 шаруашылық кітап толтыру.	3
		3. Қысқы уақытта мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың жылыту жүйесіне көмектесу жұмысы.	Дауіт ауылында әкімшілік ғимараты 40 шаршы метр.	1
		4. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларына мемлекеттік жәрдем ақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету.	Токсанда 150 іс даярлау	3
9	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету.	Әкімшілік ғимаратының маңайын қоқыстан тазалау 450 шаршы метр, қардан тазалау - 450 шаршы метр, ағаштарды кесу 55 дана, гүлзарларды қазу, гүл егу, арам шөбін жүлу – 6 гүлзар, жол бойындағы шөптерді шабу – 3700 метр, дуалдарды жөндеу – 350 метр ескерткіштерді сылау, сырлау – 1 дана, бағандарды әктеу – 70 дана.	8
10	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Новосел селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету.	Аумақты қоқыстан тазалау - 1500 шаршы метр, ағаштардың бұталарын кесу – 58 ағаш, ескерткіштерді сылау, сырлау, әктеу – 2 дана, кошеттерді отырғызу – 40 дана, дуалдарды жөндеу – 1000 метр, бағандарды әктеу – 160 дана, жол бойының шөбін шабу – 10000 метр, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару – 7	10

			гүлзар, арам шөптерді жүлу -1000 шаршы метр.	
11	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме	1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету.	Әкімшілік алаңын күнделікті қоқыстан, қардан тазалау 2000 шаршы метр, ауылға кіру жолында кюветтерді қардан тазалау – 6500 метр, жол бойындағы шөпті шабу – 2300 метр, ағаштарды кесу – 180 дана, бағандарды әктеу – 310 дана, қоқысты қолмен арту – 9 арба, ескерткіштерді сылау, әктеу, сыртау – 3 дана, қоршауларды сырлау – 3000 метр, көшеттерді отырғызу – 180 дана, гүлзарларды бөлу, гүл егу, арам шөбін жүлу, суару, күзету – 15 гүлзар, фонтанды тазалау, сырлау – 1 дана, стадион мен паркті қоқыстан тазалау – 2000 шаршы метр, орындықтарды сырлау – 25 дана.	43
		2. Шаруашылық кітабінің жазуын анықтау үшін ауланы аралау	Аула бойынша аралау – 1200 аула, 53 шаруашылық кітап толтыру.	4
		3. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларына мемлекеттік жәрдем ақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау жөнінде көмек көрсету.	Токсанда 120 іс даярлау	4
		4. Мұз қалашық салуға қосалқы жұмыстарын атқару.	Су тасу - 100 кубометр, пішіндерді ойып кесуіне қардан дайындауларды даярлау – 20 дана.	12
		1. Селолық елді мекенді көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету	Көшелерді қардан тазалау - 3000 шаршы метр, алаңды қардан тазалау – 3000 шаршы метр, шөптерді жүлу – 1000 шаршы метр, бұтақтарды кесу – 40 бұта, ағаштарды әктеу – 50 дана, жол бойында қоқысты тазалау – 100 шаршы метр, шөптерді шабу – 1000	7

12	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме		шаршы метр, қожысты арту және түсіру – 6 тонна, гүлзарларды бөлу, гүл егу, суару – 4 дана.	
		2. Шаруашылық кітабінің жазуын анықтау үшін ауланы аралау	Аула бойынша аралау – 240 аула, 16 шаруашылық кітап толтыру.	1
13	«Ақжар аудандық мұрағат» мемлекеттік мекеме	1. Құжаттарды сақтауға дайындау мен ретке келтіру жұмыстарына көмек көрсету.	500 істі ретке келтіру	2
14	Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің сот актілерін орындау жөніндегі Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сот актілерін орындау жөніндегі Департаментінің Ақжар аумақтық бөлімі	Ағымдағы және мұрағаттық құжаттар жұмыстарда, өндірістерді тіркеуге хат - хабарларды жеткізуге көмек көрсету	200 бірлік хат - хабарлар	2
15	«Ақжар» коммуналды мемлекеттік кәсіпорыны	Елді мекендердің аумақтарын жинауда тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы ұйымына көмек көрсету	Орталық көшелерді және 30 000 шаршы метр аланды жинау	8